

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің
«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорыны
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 09.10.2024 жыл

Қатысқандар: бөбекжай-балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Тулегенова Бибигуль Ерсайновна - Құрманғазы ауылдық округ әкімі аппараты ММ нің - әкімнің кеңесшісі
2. Зинетуллина Алтынай - Үй шаруасында
3. Суйнишев Ренат Дуйсенғалиевич - «Ломоносов» ЖОМ –күзетші
4. Амангельдиева Айдана - Құрманғазы аудандық полиция бөлімі - инспектор
5. Есенболатова Гүлмаржан Есенболатқызы - «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-тәрбиеші
6. Зинуллина Мендіғаным Бекболқызы - «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-тәрбиеші
7. Мусағалиева Салтанат Булатбековна - Абай ЖОМ –мұғалім
8. Болатбекұлы Райымбек - АҚ «Атырау Жарық» Электромонтер
9. Аманова Зейнгул Жанболатқызы - Құрманғазы аудандық емхана-медбике

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі З.Ш.Шамарданова балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.

Бөбекжай-балабақша меңгерушісі қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Кеңес хатшысы болып бөбекжай-балабақша әдіскері К.А.Амиргалиева тағайындалсын. Қамқоршылық кеңес жұмыстарының орындалуын бақылау бөбекжай-балабақша әдіскері К.А.Амиргалиеваға жүктелсін.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Тулегенова Бибигуль Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Амиргалиева К.А тағайындалды.


Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші З.Ш.Шамарданова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2024 жылдың қыркүйек айынан 2024 жылдың желтоқсан айына дейін екі отырыс өткізіледі деп шешті. Балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және

сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзете-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға Тулегенова Бибигуль Ерсайновна сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары өкілі, жоспарға сәйкес жұмыстары атқарылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:



Тулегенова Б.
К.А.Амиргалиева

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің
«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорыны
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
№2 хаттамасы**

Өкізілген күні: 15.01.2025 жыл

Қатысқандар: бөбекжай-балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Тулегенова Бибигуль Ерсайновна - Құрманғазы ауылдық округ әкімі аппараты ММ нің - әкімнің кеңесшісі
2. Зинетуллина Алтынай - Үй шаруасында
3. Суйнишев Ренат Дуйсенғалиевич - «Ломоносов» ЖОМ –күзетші
4. Амангельдиева Айдана - Құрманғазы аудандық полиция бөлімі - инспектор
5. Есенболатова Гүлмаржан Есенболатқызы - «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК- тәрбиеші
6. Зинуллина Мендіғаным Бекболқызы - «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК- тәрбиеші
7. Мусағалиева Салтанат Булатбековна - Абай ЖОМ –мұғалім
8. Болатбекұлы Райымбек - АҚ «Атырау Жарық» Электромонтер
9. Аманова Зейнгул Жанболатқызы - Құрманғазы аудандық емхана-медбике

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау (балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі)
2. 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу.

үн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі З.Ш.Шамарданова балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» бойынша жүзеге асырылатынын айтты. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Тулегенова Б. балаларды балабақшаға сайт арқылы орналастыру кезінде балабақша әдіскерімен бірге қамқоршылық кеңесінің мүшелері қатысып кезектегі балалардың жіберілуін бақылағанын Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаға балаларды қабылдау өз заңдылығына сәйкес жүргізілгенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі З.Ш.Шамарданова балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен, қойылған мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті.

Жоғары мұратты мақсат:

Балалардың бойында жас ерекшелігіне және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес икем-дағдыларын, білімдерін, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. «Бір тұтас – тәрбие» ұлттық идеясына сай Отансүйгіштік пен толеранттылыққа, жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу.

Ағымдағы мақсаттар:

- Балабақшадағы балалардың тәжірибелік-зерттеу іс-әрекеті арқылы ақыл-ой қызығушылығын дамытуға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру. Құбылыстар мен үдерістерді тікелей бақылай отырып, әр баланың

коршаған ортадағы объектілердің ерекшеліктері мен қасиетін анықтай білу қабілетін ашу мен жетілдіруде оңтайлы жағдай жасау.

- МДУ тәрбиеленушілерінің театралды іс-әрекетінде туылғанын шығармашылық және эмоционалдық, танымдық дамуымен байланысты максаттарды жүзеге асыру. Балабақшада режимді кезеңдегі және оқу қызметінде театрландыру элементтерін қолдану мен театралды іс-әрекетті енгізу әдістері мен ерекшелігін толыққанда және жан-жақты зерттеуді ұйымдастыру.
- Мектепке дейінгі білім беру ұйым жағдайындағы топтардағы өзара қарым-қатынас ерекшелігін зерттеу жұмысын жалғастыру – балалар ұжымының қалыптасу мәселесі, балабақша топтарының сипаттамалары мен ондағы өзара қарым-қатынас, жекелеген балалардың тұлғалық қалыптасуына мектепке дейінгі топтардың әсері.
- Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеу, білім беру тәжірибесіндегі жетістіктері мен инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттау және мотивациялау жолымен педагог қызметкерлердің кәсібилігін көтеру.
- Тәрбиеленушілердің отбасымен жұмысты жаңа түрде ұйымдастыруды жалғастыру.
- Барлық жас тобындағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірге орындалатын жобалар декадасын өткізу
- «Менің әлеміме қош келдіңіз!» жобасы аясында ата-ана өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру - деп жоғары мұраты және ағымдағы мақсаттарды алып отырғанын көрсетті. Биылғы оқу жылындағы жүргізілетін жұмыстардың басым бағытын ерекше атап өтті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жұмыс жоспарының жобасы бойынша пікір:
Жоспар жобасымен келісемін, өзекті мәселелер қамтылғанын, балалардың жан-жақты дамуы маңызды міндеттер қойылған, - деп пікірін білдірді. Тулегенова Бибигуль жоспар жобасымен келісемін, жоспар жобасында ата-аналармен жұмыстың жаңаша бағыттарын да қарастырған, - деп пікір білдірді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі белгіленген стандартқа сәйкес жүргізілді деп есептелсін.
2. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен танысып, қолдайтындарын білдірді.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:



Тулегенова Б.

Амиргалиева К.